

№41 (20 906)
16 қазан,
2025 жыл, бейсенбі



Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

Atyrau.gazeti
atyrau_gazeti@mail.ru
Атырау газеті
www.atr.kz
«Атырау» газеті
atyrau_gazeti
Atyrau_news
Атырау жаңалықтары

*Бүгінгі күннің тақырыбына

«Балам әскерден мүгедек болып оралды...»



ӘСКЕРДЕГІ ӨЛІМЖЕТТІК, ТӘРТІПСІЗДІК ТАЛАЙ ОТБАСЫНЫ ҚАЙҒЫҒА БАТЫРДЫ. ОСЫндай жағдайға тап болған АТА-АНАНЫҢ БІРІ – АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ МАРЖАН ДЕМЕСІНОВА. ОЛ РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП, ҰЛЫНЫҢ ТАҒДЫРЫН ЖЫЛАП ОТЫРЫП АЙТЫП БЕРДІ.

БҮГІНДЕ ӘСКЕРДЕН МҮГЕДЕК БОЛЫП ОРАЛҒАН ЖАС ЖІГІТтің АНАСЫ ӘДІЛДІК ІЗДЕП ЖҮР. МАРЖАН ДЕМЕСІНОВА БАЛАСЫН ӘСКЕРГЕ АМАН-ЕСЕН ШЫҒАРЫП САЛЫП, ЖАРЫМЖАН КҮЙДЕ ҚАЙТАРЫП АЛҒАН ЕКЕН.

(Толығырақ 18-19-беттерде)

*Жұмекен Нәжімеденов-90

Ғыт ұраны. Ғылы ақын



АТЫРАУДА ҚАЗАҚТЫҢ ҚАБЫРҒАЛЫ АҚЫНЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ГИМНІНІҢ АВТОРЛАРЫНЫҢ БІРІ ЖҮМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВТІҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ БІРНЕШЕ АЙТУЛЫ ШАРА ӨТТІ. ОЛ ТУРАЛЫ ГАЗЕТТІҢ 4-5 БЕТТЕРІНЕН ОҚИ АЛАСЫЗДАР.

*Өңірде

Өзеннің түбі тереңдетілуде

ОБЛЫС АУМАҒЫНДАҒЫ ЖЕМ ӨЗЕНІ МЕН ҚҰРСАЙ КАНАЛЫНЫҢ ТҮБІ ТЕРЕҢДЕТІЛІП, АРНАСЫ КЕҢЕЙТІЛІП ЖАТЫР.

Қазір Жем өзенінің бойында 2 шлюз орнатылуда. Ұзындығы 125 метр. Бірі Құрсай каналы арқылы Құлсары қаласына су жіберсе, екіншісі Жем өзеніне келген суды реттеп отырады. Қазір бетон құю жұмыстары қарқынды жүруде. Гидрошлюздің құрылысы жыл соңына дейін аяқталады.

Қазір учаске басында оншақты техника мен 30-дан аса адам бар. Жалпы Жем өзенінің жоба бойынша бекітілген 50 шақырымы тереңдетілді.

– Жем арнасының түбін тереңдетіп және соның артық топырақтарын шығарып жатырмыз. Қазір дайындық жұмыстары. Болашақта мынау жердегі бүкіл бетон құю жұмыстары біткеннен кейін топырақтарды алып, сайларды толтырып, тығыздап, нығыздаудамыз, – дейді құрылыс-монтаж прорабы Жасұлан Самалиев.

Құлсарының ортасынан өтетін Құрсай каналы да тазартылып, табаны қазылып жатыр. Бірінші кезең бойынша жұмыстар толық аяқталғаннан кейін жағаны бетондау жұмыстары жүргізіледі. Кейін айналасы абаттандырылып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасалмақ.

Жоба бойынша Жем өзеніндегі су деңгейін бақылауға арналған 3 гидробекет салынады. Облыстық құрылыс басқармасының мәліметінше, жалпы жоба құны 40 млрд. теңгеден асады. Жем өзені мен Құрсай каналынан бөлек, Жайық және Қиғаш өзендері де тереңдетілуде.

– Бүгінде Жайық өзенінің арнасын тереңдету жұмыстары толықтай аяқталды. Оған кіретін жұмыстардың ішінде Приморский каналы, 6-канал және Зарослый каналдары, үшінші өзекте түп тереңдету жұмыстары қарастырылған. Бұл жұмыстар қазіргі таңда толықтай жасалып, аяқталып тұр. Сонымен қатар Құрманғазы ауданында орналасқан Қиғаш өзенінің арналарын кеңейту жұмыстары қазіргі таңда өз жалғасын табууда, – дейді облыстық құрылыс басқармасының бас маманы Ернар Қадырбай.

Өз тілшіміз

*Коммуналдық қызмет

Көтере алмасаң... қосып арқала!


АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ ДЕПАРТАМЕНТІ «АТЫРАУ ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ» ЖШС-НІҢ 2026-2030 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУГЕ ҚАТЫСТЫ ТАРИФ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ӨТКІЗДІ. ОТЫРЫСҚА МЕМЛЕКЕТТІК, ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ЖӘНЕ ӨКІЛДІ БИЛІК ОРҒАНДАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ МЕН ТҰТЫНУШЫЛАР ҚАТЫСТЫ. БАСҚОСУДЫ КІРІСПЕ СӨЗБЕН АШҚАН ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ АРМАН ӨТЕГЕНОВ ӨТКІЗІЛІП ОТЫРҒАН ШАРАНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫНА ТОҚАЛДЫ.

(Толығырақ 13-бетте)



«Атырау» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр

Жазылу бағасы: (теңгемен)



6 ай	БАЛАМА БАҒАСЫ	
	ҚАЛА	АУДАН
ИНДЕКС	65424	15424
Жеке тұлғалар үшін	3000	
Заңды тұлғалар үшін	5700	

12 ай	БАЛАМА БАҒАСЫ	
	ҚАЛА	АУДАН
ИНДЕКС	65424	15424
Жеке тұлғалар үшін	6000	
Заңды тұлғалар үшін	11400	

6 ай	«ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ	
	ҚАЛА	АУДАН
ИНДЕКС	65424	15424
Жеке тұлғалар үшін	3656,12	3656,12
Заңды тұлғалар үшін	8067,28	6880,12

12 ай	«ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ	
	ҚАЛА	АУДАН
ИНДЕКС	65424	15424
Жеке тұлғалар үшін	7312,24	7312,24
Заңды тұлғалар үшін	16134,56	13760,24

Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелерінде жүргізіледі. Барлық сұрақ бойынша өз бөлімшенізге хабарласыңыз!

